2017 Түркістан

Түркі әлемінің мәдени астанасы

2

**НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?**



5

**ҒАЛЫМ БЕЙНЕСІ ЖҮРЕГІМІЗДЕ**




ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№5 (432) 15 НАУРЫЗ 2017 ЖЫЛ


## ТҮРКІСТАН және ТҮРКОЛОГИЯ

**2017 жылғы наурыз айының 21 жұлдызында Түркістан қаласының Түркі әлемінің мәдени астанасы болып аталуына орай Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Түркістан және Түркология» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтеді. Бұл іс-шараға жиырмадан астам түркі жұртынан білікті ғалымдар қатысады.**

Халықаралық ТҮРІКСОЙ ұйымы мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Ж.Түймебаевтың бастамасымен Шығыс жұртының жаңа жылы - әз Наурыз мерекесін күллі түркі жұртына үлкен той қылып өткізу қасиетті Түркістан қаласында қолға алынып отыр. Бұл дүбірлі тойға мыңнан астам қонақ келеді деп күтілуде.

Түркістан шаһары күллі түркі жұртының рухани орталығы болғандығы тарихтан мәлім. Түркістан қаласының қасиетті мекенге айналуына Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың тікелей қатысы бар. Ғасырлар бойына Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың мәңгілік жатқан мекеніне айналған Түркістан қаласы күллі түркі жұртының ғана емес, қала берді мұсылман әлемінің зиярат ететін қасиетті жеріне айналған болатын. Кешегі Кеңестік үкімет кезінде атеистік идеологияны ұстанған коммунистік режимнің өзі қасиетті Қожа Ахмет бабаның кесенесіне деген халықтың шынайы ықыласын төмендете алған жоқ. Күллі түркі жұрты өздерінің сүйікті әулиесіне келіп зиярат етуін тоқтатпады. Оның даналық хикметтерін қастерлеп қаперде ұстады. Қожа Ахмет Ясауи жайлы айтылатын түрлі аңыз-әңгімелерді тамсана айтты. Ғибратты да мағыналы істерін жырға қосқан жыршыларымыз баба аманатын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды.

Қазақстан 90-шы жылдары өзінің тәуелсіздігін алған тұста Елбасы Н.Назарбаев Түркістанды дамыту, рухани астанаға айналдыру қажеттігін айта келе Түркістан мемлекеттік университетін ашқан болатын. 1992 жылы Түркия мемлекетінің қолдауымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды.

Қазіргі таңда Түркістан қаласы атына заты сай түркі жұртының рухани астанасына айналып келеді. Оған қаланың орналасқан аймағы мен геосаяси жағдайы, тарихи құнды жәдігерлері, экономикалық әлеуеті мен күллі түркілердің рухани азығы болған идеологиясы да сай келеді. Түркі жұртының рухани ұстазына айналған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың түркі рухани мәдениетін қалыптастырудағы маңызды рөлі, Алтын Орда дәуірі кезінде ясауия ілімінің түркілік ислам мәдениетінің темірқазығына айналуы, сол тұстағы көшпелі түркі жұртының рухани идеологиясына шейін көтерілуінің өзі аса маңызды оқиға болған болса, бабаның басына атақты Әмір Темірдің өзі арнайы кесене салдыруының өзі тарихи жағынан оның салмақтылығын арттырып тұрды. Осының барлығы Түркістан шаһарының маңызды орталыққа айналуына септігін тигізгені белгілі. Түркістан қаласында көптеген тарихи, рухани оқиғалардың тарих бетінде орын алғандығы, көптеген атақты адамдардың Түркістандағы Ясауи кесенесі қорымында жатқандығы да тарихи, рухани жағынан алып қарағанда зор маңызға ие.

Түркістанның терең тарихын зерделеу үшін түркологиялық бағыттағы ғылымды көтерудің маңыздылығы зор. Университет іргесінде жасалып жатқан ғылыми жетістіктерді көрсету арқылы дамыған елдердегі алдыңғы қатарлы оқу орындары мен іргелі ғылыми–зерттеу институттарының назарын аудару, атақты түрколог-ғалымдарды жұмысқа тарту, бірлесіп жұмыс жасау арқылы Түркістандағы түркологиялық бағытты дамытудың жаңа кезеңіне қадам басуға болады.

(Соңы 5-бетте)

## СЕНАТ: ЕСЕП БЕРІЛІП, ЕСЕ ТҮГЕНДЕЛДІ

**Мәдениет орталығының кіші залында сенат мәжілісі өтті.**

Кезекті отырыстың кіріспесі іскер азаматтарды құттықтаудан басталды. Университет басшылары Уәлихан Әбдібеков пен Мехмет Куталмыш «Тарих» кафедрасының профессоры Хазіретәлі Тұрсын мен «Орындаушылық өнер» кафедрасының доценті, композитор Сауран Елеуовке ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ардагерлерге көрсеткен қамқорлығы үшін Ауғанстан соғысы ардагерлерінің «Ауғанстан ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі кеңесінің шешімімен «Алтын жүрек» медалін тапсырды. Ақпарат орталығының мамандары Балтагүл Оспанова мен Жанна Исмаилова, Қоғамдық ғылымдар кафедрасының доценті Әбдіманап Оңалбек 60 жас мерейтойларына орай ұлттық оюмен өрнектелген зер шапан киді. Түркістан қаласындағы «Хайтек» техникалық саудa үйінің директоры, университетіміздің түлегі Ахметжан Юсупов «Медицина» факультетіне Wi-Fi желісін орнатып бергені үшін, бұл іс-әрекеті нағыз азаматтық марапатқа лайық деп табылды.

Бұдан әрі сенаттың күн тәртібіндегі мәселелер қаралды. Алдымен оқу-әдістемелікісі жөніндегі вице-президент Берік Ахметов 2016-2017 оқу жылындағы қысқы сессияның қорытындысын баяндады. Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент профессор Талжан Раимбердиев «Университеттің 2016 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының Стратегиялық жоспарына сәйкес индикативті көрсеткіштердің орындалу сапасы, проблемалары мен шешу жолдары және 2017 күнтізбелік жыл жоспары (2007-2016 жылдар аралығындағы салыстырмалы көрсеткіштері)» туралы есеп берді. Кезекті есеп беру кезегі Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы Жанәлі Дәрібаевқа тиді. «2015-2016 оқу жылы бойынша ОПҚ, кафедралар мен факультеттердің рейтинг көрсеткіштерін қорытындылау және рейтинг нәтижелері бойынша ынталандыру шараларына ұсыну» туралы сөз қозғады. Тыңдалым барысында сенат залына жиналғандар арасынан сұрақтар туындады. Қалыс қалған тұстарын қайта қарауға ұсыныс білдірді. Ботаникалық бақ директоры Құлахмет Байжігітов Ахмет Ясауи университетінің Ботаникалық бағын ерекше қорғалатын территорияға жатқызу үшін ұсыныс беру мәселесін талқыға салды. Ректор өз тарапынан бұл істің дұрыс шешілуі үшін заңгерге тапсырма берді. Басқа да тиімді ұсыныстарды тиісті басшыларға жүктеді. Берілген есептің кем-кетігін жөндеп толықтыруды қолға алу керектігін баса айтты.



## ӘЙЕЛДЕРДІҢ ШУАҚ ШАШЫП ЖҮЗДЕРІ



**Оқу ордамыздың мәдениет орталығында 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Асыл ана» атты мерекелік іс-шара болып өтті.**

Мәдениет орталығының кіре беріс есігінде тұрған жігіттер мерекелік іс-шараға келген әрбір ханымға бір-бір гүл шоқтарын ұсынып тұрды. Университет ректоры У. Әбдібеков пен вице-президент М. Эрен аруларды мерекелерімен құттықтап, бірқатар қыздарды алғыс хатпен марапаттады.

Университет өнерпаздарының ана туралы шырқаған әндері мерекелік көңіл-күй сыйлады. Көктемнің шуақты мерекесінде іскер қызкеліншектерді 16 қыз әнінің ырғағына салып, сөзін 16 апаймен баламаланған әдемі ән айтылды. Көркемдеп, өңделген дүние көрермен көңілінен шықты.

## АЙЫЛДЫҢ АР ЖАҒЫНАН КЕЛГЕН БАУЫР

**Университетіміздің мәдениет орталығының үлкен залында қырғыз халқының ақ қалпақ күніне орай мерекелік іс-шара өтті.**



«Аспанда жарық көрсең жұлдыз деп біл, жерде ақ қалпақ кигенді көрсең қырғыз деп біл» деген сөз бар. Міне, осы ұлттық киімімен ерекшеленетін қырғыз халқы өздерінің ұлттық мейрамын тойлады. Ұлттық нақышта киінген қазақ-қырғыз қыздары, түрік жігіттері би биледі. Ән шырқалып, күй тартылды. Өнерпаздар өз өнерлерін көрсетіп, концерттік бағдарламаны көңілді думанға айналдырды. Ұйымдастыру және тәрбие істері жөніндегі департамент директоры Л. Есентаева, Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры С. Дағыстан, «Оңтүстік Қазақстан облысы қырғыз мәдени орталығы» қоғамдық-бірлестігінің төрағасы А. Рысбеков қырғыз бауырларды «Ақ қалпақ күні» мерекесімен құттықтады. Жүрекжарды тілектерін жолдады. «Қызылорда облыстық қырғыз мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С. Жұбатханов және «Жамбыл облыстық қырғыз мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С. Мырзабеков студенттермен кездесіп, емен-жарқын әңгімелесті.

# ТҮРКІСТАНДА НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ КЕЗІНДЕ 42 МӘДЕНИ ІС-ШАРА ӨТЕДІ

**Жуырда Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан қаласына арнайы іс-сапармен келген болатын.Өңір басшысы «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» іс-шарасына дайындық жұмыстарымен танысты. Бұл туралы әкімнің баспасөз қызметі хабарлады.**

Өңір басшысы алдымен халықаралық деңгейде тойланғалы отырған Наурыз мерекесі өтетін алаңда болып, қонақтарға қазақтың салт-дәстүрін паш ететін этно ауыл мен қолөнер қалашығын аралап көрді. Ондағы мақсат -халықаралық деңгейдегі мәдени шараның ашылу салтанаты мен түркі әлеміне ортақ Наурыз мерекесін жоғары деңгейде атап өту.

Мұнан соң облыс әкімі халықаралық мәдени шараға жауапты жұмысшы тобының есебін тыңдады. Топ жетекшісі, облыс әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында атқарылатын жұмыстардың жай-жапсарын баяндады. «Бүгінгі күнге келетін қонақтардың жалпы саны жобамен 800 адамды құрап отыр. Жалпы іс-шараға 4-5 мың халық қатысады деп жоспарлануда. Шара аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 21-наурыз күні ресми қонақтардың қатысуымен «Түркістан және Түркология» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізу жоспарлануда. Конференция қорытындысы бойынша арнайы еңбек жинағы шығарылатын болады», - деді Ұласбек Сәдібекұлы.

Оңтүстік жұртын ауқымды іс-шараға атсалысуға шақырған өңір басшысы атқарылуға тиіс бірқатар мәселелерге назар аудару қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, ол қала көшелері мен іс-шара өтетін аумақты безендіру, қонақтарды облыстағы тарихи-мәдени орындармен таныстыру, тіл білетін мамандармен қамтамасыз етуді жүктеді.

«Елімізде алдымен Астана қаласының, енді ер түріктің бесігі болған Түркістанның осындай марапатқа ие болуы еліміз үшін оның ішінде Оңтүстік өңірі үшін зор мақтаныш. Сондықтан да жалпы жоспарланған жұмыстарды жоғары деңгейде өткізу баршамыздың ортақ міндетіміз. Жауапты сәтте жұмыла жұмыс істеп, қазақ халқының қонақжай пейілін түркі жұртына паш етуге тиістіміз», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Ұлттық кәдесыйлардың ерекше үлгілерін әзірлеп жатқан жергілікті шеберлер жұмысына оң баға берген облыс әкімі мәжілісті қорытындылай келе жүктелген міндеттер мен тапсырмаларды тиісті қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына сонымен қатар салалық түрлі жетекшілерге өз мерзімінде әрі сапалы орындалуын тапсырды.

Жалпы «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» бағдарламасы аясында 42 мәдени іс-шара өтеді деп жоспарлануда. Оның 14-і «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы тарапынан өткізілсе, алтауын еліміздің Мәдениет және спорт министрлігі, 21-ін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі ұйымдастырады.

Айта кетейік, бұдан бөлек, Түркістан қаласында түбі бір түркі тілдес халықтар театры, опера, цирк, би, сатира, дәстүрлі өнер және анимациялық фильмдердің фестивалі өткізіледі. Сонымен қатар ақындар айтысы, түркі мемлекеттері әйелдерінің форумы, түркі әлемі журналистерінің форумы суретшілердің кездесуі, қолөнер шеберлерінің фестивалі, әдеби журналдар редакторларының конгресі, ақын, жазушылармен кездесулер өткізу жоспарланып отыр.

**ҚазАқпарат**

# НАУРЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕМІЗ

Наурыз мерекесі – күллі түркі халықтарының, сонымен бірге біздің халқымыздың ұлттық мерекесі болып саналады. Ежелгі жыл санағы бойынша 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жыл басы, яғни көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың әз Наурыз» деп қарсы алған. Бұл күнге «Самарқанның көк тасы еритін күн» деп ерекше мән берілген. Сол себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді Жыл басы деп есептеген. Қалың қыстан аман шыққанына мәз болған халық бір-біріне игі тілек айтысып, құшақтасып, мәз болысады.

Наурыз мұсылман елдерінде бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан бұл күні шаттанбайтын, мейірленбейтін, қуанбайтын адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақ содан үлгі-өнеге алған.

Жыл сайын келетін Наурыздың тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сәнсалтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен танымұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның барлығы да әр адамды жоғары санаалылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баулиды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек.

Біздің университетімізде де Наурыз мерекесі жыл сайын ерекше сәнсалтанатпен тойланып отырады. Университет басшылығының, Кәсіподақ ұйымының, Тәрбие және мәдени істер жөніндегі департаментінің, Жастар орталығының, Продюсерлік орталықтың ұйымдастыруымен түрлі іс-шаралар кешені қарастырылады.

Алдын-ала жоспары жасалады. Сол бойынша, университет аумағына бірнеше киіз үйлер тігіледі.Тойдың сәнін кіргізетін әсем әндер орындалып, күмбірлеген күйлер тартылып, мың бұралған билер орындалып жатады. «Наурыз-думан» атты сахналандырылған көріністің орны ерекше. Онда университеттің сан ұлттан құралған өнерпаздары өз әндерін, билерін, тағы басқа өнерлерін ұлттық киімдерінде, ұлттық нақышта ортаға салады. Түбі бір түркі жұртының басын бір тудың астына жинаған оқу ордамыздың өрендері Түркістан аспанын ән мен күйге бөлейді.

«Ақ түйенің қарны жарылған» қуанышты күні Ақбура мен Қыдыр Ата ортаға шығып, жастарға батасын береді. Бұның да жастарымыздың тәлімтәрбиесіне өзіндік үлесі көп. Зеңгі баба тұқымы Ақбураның төзімділік пен шыдамдылықтың символындай, жастарды болашақтан мол үміт күтуге, жарқын өмірге шақырғандай болады. «Наз» сән театрының қыздарының күшімен «Ұлттық киімдер үлгісі» көрсетіледі.

Мереке күнінде әр ұлттың қазан-қазан дәмді тағамдары дайындалады. Университет қызметкерлері мен студенттері арнайы тігілген киіз үйлерге кіріп, мерекелік көңіл күймен әңгімелесіп, тамақтанып шығады.Биылғы наурыз мерекесі айрықша сипатта тойланбақшы. Халықаралық деңгейде тойланғалы отырған наурыз тойын барша түркі жұрты тағатсыздана күтіп жүр. «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» бағдарламасы шеңберінде өтетін наурыз тойына дайындық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

**Ләззат ЕСЕНТАЕВА,**
**Тәрбие және мәдени істер департаменті директоры**

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

**Наурыз мерекесі бүкіл адамзат қауымына ортақ болса да әр ел әр түрлі тойлайды. Мұның өзі Наурыз мерекесінің қызыққа толы көрінісін ерекшелей түспек. Наурыз мерекесі мұсылман елдеріне тән болған соң, Әз Наурыздың әр елдегі көрінісіне тоқталсақ.**

**Түркия.** Наурызға байланысты Түркияда мынадай аңыз бар: күштері басым жаудан жеңілген түріктің жараланған жас баласын қаншық қасқыр тауып алып, ғажайып бір жерге әкеледі. «Ергенекөн» деп аталатын осы жерде ол өсіп, өніп, шамамен 400 жылдай өмір сүреді. Сол арада халық санының өсуіне байланысты адамдар басқа өлкеге шығуға жол іздейді. Осы жолда темір ұстасының жол көрсетуімен тауды жарып өтеді. Түріктер үшін наурыз осы оқиғаға сәйкес келеді. Сөйтіп түріктер арасында Жаңа жылдың алғашқы күні болып наурыз тойлана бастады. Түрік әкімдері бұл күннің басталғанын, темір ұстаның құрметіне қыздырылған темірлерді бірбіріне соғумен білдіреді. Бұл дәстүр көшпенді түріктер арасында әлі күнге дейін сақталған. Наурыз Әнтал (Анадолы) түріктердің арасында 1826 жылға дейін сол кездегі әскери жағдайға байланысты өзгеше тойланады. .

**Irандықтар** үшін наурыз – қайырымдылық күні. Себебі байлар кедейлерге қолдарында бар заттарын бөліп береді. Ал үкімет түрмеде жазасын өтеп жатқандарды босатады немесе жазасын жеңілдетеді. Тағы бір қызығы, мемлекеттік қызметтегілерге су жаңа ақшалар сыйлыққа беріледі. Иран балаларына да наурыз мерекесі қуанышты күн болып саналады. Ата-аналары ірі қағаз ақшалар мен алтын тиындар, тағы басқа сыйлықтар сыйлайды. Бұл – ирандықтардан ежелден келе жатқан дәстүрі.

**Тәжікстан.** Тәжіктер үшін бұл сағына күтетін, орны бөлек мереке. Халық түсінігі бойынша наурыз тек табиғаттың түлеуі емес, адамзаттың асыл қасиеттерінің жаңаруы сияқты. Сол күні бірбіріне деген өкпелерін ұмытып, көріседі. Тәжіктер осы күні ағаш көшеттерін отырғызады, жер өңдеп, егіс жұмыстарын бастайды. Әр отбасы қонақ күткендей дастарханодарын тек өздері өндірген дәнге толтырады. Бидайдың ең алғашқы өскінінен сумалақ (сүмелек) дайындайды. Содан кейін С-дан басталатын 7 тағам әзірлеу керек. Оның ішінде самбуса (самса) болады. Көкөніс пен жеміс те дастарханға әкелінеді, ең соңында палау дайындалады. Қазір де тәжіктер наурызды ұлттық салтдәстүрлеріне сай тойлап жүр. «Пойга» (бәйге), «гуштангири» (күрес), «бузкаши» (көкпар) ат ойындары көпшіліктің қатысуымен өткізіледі.

**Парсы** тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Оларда бұл күндері отқа май құю, жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжау, жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже ұсыну, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою - Күн символын салып, үйдегі тіреу ағашқа гүл ілу дәстүрлері орындалады.

**Ежелгі түркілер** Ұлыс күні қарсаңында алты күн садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні – алтын теңге жамбы атып жарысатын болған. Егер кімде-кім бірінші болып, жамбыны атып түсірсе, сол адамға бір күн патша болып, ел билеу еркі берілетін болған.

**Өзбекстанда** бұл мереке 13 күн бойы тойланады. Олар 13 күн бойы істеген игілікті ісі айдан-айға ұласып, жыл бойы жалғасады деп сенеді. Мерекенің алғашқы күндері түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Ал тоқтықтың белгісі ретінде мейрам күндері әрбір үйдің дастарханына «сумалак» асы қойылады.

**Әзірбайжандықтар** Наурыз мерекесін «Новруз байрам» деп атайды. Наурыз мейрамын көктемді тойлаудың ең ежелгі және құрметті мейрамы деп түсінетін ел халқы оны табиғаттың жандануының белгісі деп қабылдайды. Әрбір үйде үстел үстінде міндетті түрде бидай тұқымынан өсірілген жасыл өскіндер қойылады.Қырғыз елі жылдың алғашқы күнінде «нооруз кёджё», «ауз кёджё», «кавут» ұлттық тағамдарын дайындап, Жаңа жылда бірбірін көтеріңкі көңіл-күймен құттықтайды. Бұл күні алыс-жақын туыстар кең жайылған дастархан басында жиналып, бір-біріне ізгі тілектер айтады.

**Ауғанстан.** Ауғандықтар ескіше жыл санауы бойынша наурыздың 22-сінде 1393 жылды аяқтап, 1394 жылдың табалдырығын аттайды. Наурыз мейрамында ауғандықтар мүмкіндігінше жаңа киімдерін киіп көшеге шығады. Әр отбасының дастарханында ұлттық тағамдардан «Сабри Пулак», «Саманак», т.б. дайындалады. Наурыз мерекесіне дейін үш күн ылғалдап бабына келтіріп қойған кептірілген жеті жемістен шырынсу жасайды. Бірбіріне тағамдарын ұсынып, қонаққа шақырады. Жастар көкпар тартады. Олар көкпарды «базкаши» деп атайды. Ұлттық мереке ең әуелі ағаш көшеттерін отырғызумен басталады.



# НАУРЫЗ - ТӨЛ МЕЙРАМЫМЫЗ!

Самарқанның көк тасы еріп, жылғалардан сылдырап қана су ағып, көктемнің жылымық лебі есіп келеді. Жанжануардың ауызы көкке тиіп, күн мен түн теңесіп, айнала жасыл шөпке оранды. Күн шапағы айналаға шуағын шашып, жер жүзі жаңарып жасаратын, қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірлер шағы жыл мезгілдерінің ішіндегі барша жанның жаңына жақын Көктем мезгілінде орын алады. Осы мезгілмен тұспа-тұс келетін мерекенің бірі қазақтың жаңа жылы саналатын Наурыз мерекесі. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін елегізіп күтетін бұл мерекенің де өзіндік маңыздылығы да ерекше. Тарихы тереңнен бастау алатын бұл мереке қазақ халқы үшін мерекелердің ішіндегі ең ұлысы Ұлыстың ұлы күні болып саналады. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында адамдар да бейне бір ғажайып күн кешеді. Қытымыр қыстың құрсауынан қиналып, қалжыраған халық бұл мерекеде барлығын ұмытып шат-шадыман қалыпқа енеді. Өткен жылын саралап, сараптап келер күннен жақсылық қана күтеді. Мерекенің ерекшелігі өте көп мәселен бір-біріне өкпелі жандар осы күні бар ренішін санадан өшіріп жүрегін тек жақсылыққа ғана бағыттайды. Сонымен қатар наурыз көжеден дәм татып, жеті шелпек таратылады. Ауылдың алты ауызы шырқалып, осы күн үлкен тойға ұласады. Дегенмен де айтылмаса сөздің атасы өлетіні белгілі. Қазіргі кезде осы Ұлыстың ұлы күнін қанша жерден тойланғанымен әттеген-ай деген тұстары да кездесетіні жасырын емес. Қадірлі де қастерлі мерекеден өзге ұлттың қазаққа үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын Жаңа жылын артық көретіндер де көбейді.

Өзге ұлттың жаңа жылын тойлағыш жастар қазақтың мерекесіне келгенде кере тартып тұрады. Әр түрлі сайқымазақ (жыл кейіпкерлерінің киімдерін) болып кейінгеге жылына бір рет келетін қазақтың Наурыз тойында ұлттық оқалы қамзол мен зерлі шапандарымызды неге киіп шықпасқа деген ой келеді. Қазақтың жаңа жылынан орыстардың аты да заты да белгісіз жаңа жылының қай жері артық. Сайқымазақ болғаннан гөрі қазақы шапандарымыз бен комзолдарымызды кигеніміз мың есе артық емес пе. Қазақты танытатын қазақ қана. Өзге ұлт келіп біздің жағдайымызды ешқашан да күйттемейді. Салт-дәстүрімізді жоғалтпай одан әрі дамып өрбуіне үлес қосайық. Төл мерекемізді дәріптейік. Ұлыстың ұлы күнін ұлықтап өзіміздің Жаңа жылымызды тойлайық. Баршаңызға Наурыз мерекесі жақсылығымен, жаңашылдығымен келсін.

**Венера ОЙЫЛХАНОВА,**
**1-курс студенті**

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ

# ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛДАУЫ

**Президент Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының мақсат-мүддесі, жауапкершілігі мен талаптары бұрынғы қай кездегімен болмасын айрықша болғанын ешкім де теріске шығара алмайды. Елбасы Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс екенін қадап тұрып айтты. Мемлекет басшысының бұл үкілі үміті ешқандай да күмән тудырмаса керек.**



Қазақ елінің Бірінші жаңғыруы аға ұрпақ саналатын біздердің есімізде. Қазақстан ауыр экономикалық жағдайда Тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басты. Кең-байтақ еліміздің қыруар қазынасы, жылдар бойы жасалып-жасақталған потенциалы еншімізге берілді. КСРО-ның қирандысынан шығып, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрдық. Жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшу жүзеге асырылды. Бейбіт өмір салтанат құрды, түрлі кесапат-кеселге жол берілмеді.

Еліміз Екінші жаңғыруын «Қазақстан-2030» стратегиясын қабылдаумен бастады. Қазақ елінің жаңа елордасы – Астана бой көтеріп, өзінің сән-салтанатымен әлем назарын аударды. Республикамыз экономикалық тоқырау шырмауынан босап, әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірді. Осынау ұлы жетістік-жеңістеріміз Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық торқалы тойында барынша атап өтілді. Ширек ғасырлық қысқа мерзімде Қазақ елі, қазақ халқы әлемге танылды! Біз мұны бар дауыспен айтып, мақтаныш етуге қақымыз бар! Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан халықаралық аренада жоғары беделге ие болды, ұстанып отырған саясатымыздың берік те бекем екендігіне ешқандай да күмән жоқ.

Елбасы Жолдауында Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойылып отыр. Бұл Жолдаудың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» аталуынан да көрініп тұр. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Тәуелсіз еліміздің қалыптасуы мен дамуы, әлемдік бәсекеде егемен ел ретіндегі алар орнымыз бен қабілет-қарымымыздың деңгейі тұрғысынан келгенде ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктерін зерделеу маңызды. Осы орайда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы» атты кітабында жазған төмендегі жолдары ойға оралады: «Бәсекеге қабілетті ұлт туралы айтқанда ұмытылмайтын бір тиіс нәрсе – бәсекеге қабілеттілік. Бұл ең алдымен өзіңнің барлық артықшылықтарыңды пайдалана білу деген сөз, бірақ оларды өзіміздің кім екендігімізді ұғынғаннан кейін барып қана анықтауға болады.

Біз – ғасырлар бойы әлемдік өркениеттердің тоғысқан жерінде өмір сүрген әулеттердің ұрпақтарымыз. Ұлы Дала қашан да әр түрлі мәдениеттер, тілдер, әскерлер, діндер, тауарлар және идеялар тоғысқан қиылыста тұрды. Мыңдаған жылдар бойы Дала халықтардың генераторы болды. Ал XXI ғасырда ол ерекше сападағы адамның генераторына, жаңа идеялардың генераторына айналуы тиіс...».

Ұлттық идентификация проблемасы кез-келген мемлекет секілді Қазақстан үшін де фундаментальді маңызға ие. Ол жекеше не қоғамдық санамен, оның қалыптасуы мен дамуының теориясымен және практикасымен тікелей байланысты.

Ұлттық сананың көрінісі, өзіндік қайталанбас ерекшеліктері халқымызға әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуға мүмкіндік береді. Ұлттық теңдіктің, пара-парлыққа ұмтылыстың жарқын белгілері – этностың, қоғам мен мемлекеттің орнығуы мен дамуының міндетті шарты іспеттес. Ұлттық идентификациялану мен ұлтшылдық адамдар қауымдастығын нәрлендіреді, оны қарапайым қауымдастықтан ұлттық қауымдастыққа айналдырып, өзінің жеке мемлекетін, мәдениетін, идеологиясын құруға мүмкіндік туғызады. Кез-келген ұлт өзіндік «Менін» терең сезінбейінше, алға айқын мақсат қоя алмайды, өзіндік іс-қимыл мен ұмтылысты үйлестіруге қабілетсіз болып шығады. Идентификациялану мен ұлттық бірегейліктің, өзге ұлттармен пара-парлыққа, теңдікке ұмтылыстың күрделі астарлары бар. Бұл проблемалар ежелден, этностардың қалыптасу сәттерінен бастап пайда болды. Ол адамдарды қоғамдық-саяси және экономикалық жүйе жағдайларына қарамастан әрдайым толғандырып келген. Бүгін бізге қайтпас та қайсар халқымыздың, жекеленген қайталанбас тұлғаларымыздың шынайы тарихы ауадай қажет. Бұл тарихи сәттерде құрыштай негізге айналуы тиіс. Қазақ халқының, Ұлы Дала көшпенділерінің тамыры тереңде жатқан ежелгі тарихы, сондай-ақ Ресей империясы мен КСРО құрамындағы тарихы бар. Осы мемлекеттік құрылымдардың шеңберінде жасанды жолмен жаңа ұлт құруға әрекеттен түк шықпады. Кезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» кітабында айтып өткендей, «Кеңес кезінің өзінде шын ұлттық мемлекеттілік таптық сипаттан ұлттық сипатты жоғары қою жолымен жүзеге асатынына көз жете бастады. Өмірдің барлық саласына «жаңа тарихи қауымдастық – кеңес халқының» моральдық кодексін күштеп енгізу адамдардың ұлттық сезімін, халықтардың өзінің этникалық тегін тануға деген ұмтылысын жойып жібере алмады. Адам қайда жүрсе де, туған бойдан, ана әлдиін ести сала, өзін қазақпын, орыспын, украинмын, өзбекпін деп сезінеді... Адамның ол сезімін қандай үлкен калибрлі идеологиялық снарядпен атқыласаң да, бәрібір құрта алмайсың. Бұны жоққа шығару ешкімнің де қолынан келе қоймас».

Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында ғасырға пара-пар маңызды істер атқарылды. Республиканың тұңғыш Ата Заңы қабылданды. Қазақстан өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар тәуелсіз дербес елге айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымына, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына, ЕҚЫҰ мен басқа бірқатар беделді ұйымдарға мүше болды, шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды, шетелдік іскер адамдардың егемен елімізге ынтасы арта түсті. Осылардың бәрі тұтас ұлт болашағының алтын діңгектеріне айналды. Ұлттық сананың өрлеуі ұлттық жаңғырудың тұтас жүйесін қозғалысқа келтірді. Осынау ұлы істердің басы-қасында Нұрсұлтан Назарбаев жүрді, теңдессіз маңызға ие болған сан қырлы игілікті шаралардың ұйытқысы болды. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың керегесін кеңге жайған тәуелсіз мемлекет құру идеясын жанына жалау ететіні, туған халқына берген антына адалдығы осы кезге дейін атқарып келе жатқан жасампаздыққа толы айшықты істерінен айқын аңғарылады. Елбасының өз қолынан шыққан төл туындылары – «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы» атты еңбектеріндегі жүрекжарды ой-пікірлері, нақты тарихи тұжырым-толғаныстары кім-кімді болмасын терең ойға жетелеп, көкірек көзін ашады. Бұл еңбектердің қай-қайсысын тебіренбей, толғанбай оқу мүмкін емес. «Мені сынайтындар да табылар, - деп жазады Елбасы. – Келісе қоймайтындар да бар шығар. Бірақ халқымыздың көпшілігі қолдап отырған қазақстандық жол – біреудің таптаурын ізімен кету емес, өз соқпағымызды тауып, сонымен жүруге талпыну. Қай мәселеде де қатал ұстануға тырысатын қағидамыз: бассыздыққа ұрындырып, қантөгіске апаратын демократияны біз тегін берсе де алмаймыз. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік ұлтаралық тыныштық».

Көпұлтты Қазақ елінің Тәуелсіздік тұғырындағы ұлан-ғайыр табыстары, еңсесін көтеріп, әлемдік өркениет көшінде өзін-өзі әлемге таныта білуі, ең алдымен сан алуан ұлттардың ынтымақ-бірлігінде, тізе қоса қимылдауында десек, артық айта қоймаспыз. Республика халқының ұлтаралық, дінаралық, қоғамдық келісім-ынтымағы қалыпты өмір салтына, барлық жетістіктердің қайнар көзіне айналғаны нақты өмір шындығы. Қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттер – кеңпейілділік, дархандық, толеранттылық өзге ұлттармен сыйластық, құрмет сезімінің негізіне айналған. Ынтымағы жарасқан елдегі жасампаздық салтанатының бүгінгі айшықты бейнесі әлем алдындағы беделді биікке көтеріп, алға бастауда. Осы ретте, Қазақстан халқы Ассамблеясының Тәуелсіз еліміздегі алар маңызы ерекше сипатқа ие болып отыр.

Тәуелсіз Қазақ елі бүкіл әлем жаңа сындармен бетпе-бет келіп отырған қазіргі кезеңде жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басып барады. Елдің еңсесі көтеріліп, тұрмыс-жағдайы жақсара түсуде. Ауыл-селолар танымастай өзгеріп, ғажайып құрылыстар бой көтеруде. Елордамыз – айшықты Астана әлемдік ЭКСПО 2017 көрмесін сән-салтанатымен өткізуге қызу дайындық үстінде. Еліміздің әлем алдында абырой-беделін асқақтата түсетін ұлы істе Елбасымыздың тұлғасы айрықша даралануды.

Президент Жолдауда Үшінші жаңғырудың негізгі бес басымдығын айқындап берді:

- экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруы;

- дәстүрлі базалық салаларды дамытуға серпін беру;

- еңбек нарығын жаңғырту, макроэкономикалық тұрақтылық;

- адами капитал сапасын жақсарту;

- институтционалдық өзгерістер, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Бұл басымдықтар экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын және 30 озық елдің қатарына қарай ілгерілеуді қамтамасыз етеді.

Шағын мақалада аталмыш басымдықтарға толыққанды сипаттама беріп, талдау мүмкін емес. Дегенмен де орайы келгенде өзімізді толғандыратын кейбір жайлар жөнінде ойымызды ортаға салуды жөн санаймыз. Әңгіме адами капитал сапасын жақсарту жөнінде болмақ. Осы орайда қаймана қазақ үшін аса маңызды саналатын мынадай жайтты айтпай кетуге болмас. Президент Н.Назарбаевтың егемендігіміздің алғашқы жылдарынан бастап министрлер мен облыс әкімдеріне тамыр-таныстықтан, сыбайлас жемқорлықтан қолы, рушылдықтан санасы таза адамдарды орналастыруды тереңнен ойлап, осы бағытта ұстамдылық танытып отыруын рушылдық ылаңына тосқауыл қою мақсатынан туындаған ізгі ниет деп қабылдағанымыз жөн. Қазақ ағайынның рушылдықтың ұлттық психологиямен үш қайнаса да сорпасы қосылмайтынын ұғынатын кез келді. Ол адамдар қауымдастығының ең ежелгі формасы – рулық құрылысқа тән психология. Әлемдік өркениетке қадам басып бара жатқанда адамдардың санасында рушылдық психологияның дендей түсуі аса қауіпті. Мұны кезінде Президент те күйіне отырып айтты. Бұл жерде басты қауіп рушылдықтың санадағы берік орнығып қалуында емес, оны жасанды түрде қайта қоздырып, өз ыңғайларына орай белгілі бір мақсаттарда шебер пайдаланып отырған кейбіреулердің саясатшылдығында. Ұлтты аздыратын осы індетті аяусыз әшкерелеу керек, кесірлі кесапаттың алдын қазір алмасақ, ертең кеш болады. Мұны жақсы түсінетін қазақ зиялылыры, оқыған-тоқығандар жоқ емес, бар. Сондай азаматтарымыз бой көтеріп, салиқалы сөз бастар болса Тәуелсіздігіміздің іргесі бекемделе түсері анық. Рушылдықтан гөрі ұлтшылдық – әрбір саналы, көкірек көзі ояу адамға тән патриоттық асыл қасиет болса керек-ті... Осы орайда академик Т.Сайдуллиннің «ұлтшылдықсыз ұлт қалыптаспайды, ал ұлтшылдығын жоғалтқан ұлт өзін-өзі сақтай алмайды. Бұл қарапайым ақиқат ешбір дәлелдеуді керек етпесе керек-ті» деген сөздерімен келіспеске болмайды.

Жиырма үш жылдан бері қасиетті Түркістандағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет етіп келемін. Білім ордасының бой көтеруінен бастап қазірге дейінгі аралықтағы өсіп-өркендеу тарихы көз алдымызда жасалуда. Біз тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың күллі түркі халықтарының рухани астанасы болып келген киелі Түркістан қаласын қайта жандандыру жөніндегі идеяны өзі көтеріп, оны нақты қамқорлығымен жүзеге асырып отырғанын жақсы білеміз. Елбасының Жарлығымен 1991 жылғы 6 маусымда Түркістан Мемлекеттік университетінің шаңырақ көтеріп, оған ұлы ойшыл-ақын, алғашқы түрік-ислам сопысы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімі берілуі тек елімізде ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде тарихи оқиға болды. Президенттің өзі көтерген идеяның Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне негіз болғанын мақтанышпен айтамыз. Кеңестік дәуірде артта қалған ауданның орталығы ғана болып келген шаң басқан шағын шаһар қазір мәдени орындары көз тартатын жасыл желекті, келбеті көрікті қалаға айналып келеді.Үстіміздегі жылы қасиетті Түркістан қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Қасиетті қаланың жасарып-жаңғыруында,өсіп-өркендеуі кезінде Президенттің өзі үкілі үмітпен ашқан Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отырғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Білім ордасы ел Тәуелсіздігінің символына, күллі түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениетінің алтын бесігіне айналып келеді.

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы жөнінде, оның әлемдік деңгейдегі абырой-беделі тұрғысында аз жазылып жүрген жоқ. Біз де Президентке деген құрмет сезімінің жетегінде қолымызға қалам алған едік. Өткен жылы ғана Елбасымыз туралы «Ұлы Дала генераторы» атты кітабымыз жарық көрді.

Қазақстан Республикасы экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштері жөнінен ТМД елдері арасында алдыңғы орынға шықты. Дүние жүзі мемлекеттерінің санатында нарықтық экономикалық ел ретінде мойындалды. Қазір әлем Қазақ елін Орталық Азия аймағындағы дамыған көшбасшы демократиялық ел ретінде таниды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы аймақтағы геосаяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында ұлан-ғайыр еңбегімен халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды. Айталық, 2007 жылы желтоқсанда Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына қауымдасқан 56 мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің Қазақстанның осы ұйымға төрағалық қызмет атқаруын мақұлдап дауыс беруі, Қазақстанның 2010 жылғы 3 тамызда осы ұйымға Төраға болып бекітілуі соның жарқын дәлелі болып табылса керек. Қазақстан ТМД елдерінің арасынан аталмыш ұйымға төралқалыққа сайланған бірінші мемлекет! Бұл шешім халықаралық қауымдастықтың Қазақстан халқының Тәуелсіздік жылдарындағы табыстарына берген лайықты бағасы болды. Шынтуайтына келгенде, Қазақстанның ЕҚЫҰ-на қатысушы елдердің сеніміне кіріп, мойындата білуі, ашық дипломатиялық тиімділіктің хрестоматиялық үлгісі болды.

Қазақ елінің 2010 жылғы желтоқсан айында Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына байсалдылықпен табысты төрағалық етуі ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының содан бергі аралықтағы сессияларында ұдайы айтылып келеді, Астана Саммитінде қабылданған Астана Декларациясының орасан зор маңызы лайықты бағалануда. Қазақ елінің әлем алдында танылып, мойындалуының бұдан асқан жарқын дәлелдерін келтіріп жатудың қажеті де бола қоймас!

Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың әлемдік ядролық қарусыздану бағытындағы теңдесі жоқ еңбегі ел Тәуелсіздігінің елең-алаңында, яғни 1991 жылғы 29 тамызда «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойған күнінен бастау алады. Қазіргі таңда Қазақстанның Тұңғыш Президентінің осыдан жиырма жылға жуық уақыттағы тарихи Жарлығы жер шарында мойындалып отыр. Сол тұста Елбасының адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қадамға баруын асқан көрегендік пен даналықтың жарқын символы ретінде бағалаған жөн.

2012 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Оңтүстік Кореяның астанасы Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі екінші жаһандық Саммитте әлемнің 53 мемлекет басшылары алдында сөйлеген сөздерінде АҚШ Президенті Барак Обама, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, тағы басқа алып мемлекет басшылары Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жер бетінде ядролық қарусыздану жөнінде тұңғыш үн көтеріп, ядролық полигонды жапқанын, сөйтіп адамзат болашағына өлшеусіз үлес қосқанын зор ризашылық сезімдерімен айтты.

Қазақ Елі Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық торқалы тойын тойлаған халқымыз ұлы тарихи жеңіске қол жеткізді. Жас мемелекетіміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің мүшелігіне қабылданып, әлемдегі алпауыт елдердің сапынан берік орын алды! Иә, мұны бейбітшілік пен жасампаздықты басты ұстанымына айналдырған Тәуелсіз Қазақстанның ұлы ерлігі деп бағалау керек. Тәуелсіздік тұғырындағы Қазақ елі тарихының жаңа да жарқын беттері жазылуда. Қасиетті ата мекенді шексіз сүйіп, оның еліне ие, халқына кие болып, қиын кезеңнен алып өтіп, жаңа дәуірге бастау бақыты кез-келген адамның басында бола бермейтін бақыт. Ол бақ Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаевтың басына қонды. Байлығы мол Ұлы Даланы бүкіл әлемге танытып, туған ел терезесін теңгерген ұлы саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқына деген орасан сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі болып табылады. Ол өзінің тағдырын толығымен еліміздің игілігіне арнаумен келеді. Тәуелсіз Қазақстанның барлық табыстары мен жетістіктері Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Бұл – тарихтың терең қойнауларына жететін бұлтартпас факт. Қазақстанның барлық халқы Елбасына сенеді, өздері мен елдің жарқын болашағын тек оның есімімен байланыстырады. Тәуелсіздік пен Нұрсұлтан Назарбаев – біздің тарихи символымыз. Елбасы – Ұлт көшбасшысы – Нұрсұлтан Назарбаев әлем тыныштығы үшін атсалысып, халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақ жолында әлем деңгейіндегі көрнекті күрескер дәрежесіне көтеріле білді.

Елбасының үстіміздегі жылғы Жолдауын жасампаздық Жолдауы ретінде қабылдауымыз керек. Бұл Жолдауда алға қойылған міндеттер елімізді әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарынан көрінуге бастайтын болады. Насихатшы ретінде түрлі жиындарда жиі болып жүрміз. Қарапайым ауыл тұрғындарының, диқандар мен малшылардың, мұғалімдер мен дәрігерлердің, сан алуан мамандық иелерінің жүрекжарды лебіздеріне құлақ түрер болсаңыз, олардың жарқын болашаққа деген нық сенімі, Президент Жолдауындағы басымдықтарды терең ұғынуы, Елбасыға деген қошемет-құрметі жаныңызды шуақты нұрға бөлейді.

Болашағымыз – бірлікте! Алға Қазақстан!

**Сейдулла САДЫҚОВ,**
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы**
**Халықаралық қазақ-түрік университетінің**
**профессоры, филология ғылымдарының**
**докторы, республика жоғары оқу**
**орындарының үздік оқытушысы,**
**Президент Жолдауларының**
**«Үздік насихатшысы»**

## УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

** ЭКСПО - 2017*

# БОЛАШАҚТЫҢ ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

**Ғалитдин Баканұлы, өзіңіз басқарып отырған Жаратылыстану ғылыми зерттеу институты жақында ғана құрылған «жас институт» десек болады, енді осы туралы айтсаңыз?**

Иә, дұрыс айтасыз, Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты 2014 оқу жылында университет Сенаты шешімімен құрылған, осы уақытқа дейін тұрақты жұмыс істеп келе жатыр. Алғашқы директоры білікті ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор С.Тұртабаев болды. 2015 оқу жылынан бастап мен тағайындалып, институт директоры ретінде қызмет етудемін.



**Осыған дейін қай жерде еңбек еттіңіз?**

Мен КазГУ-дің математика факультетін 1980 жылы бітірген соң, Новосибирск Мемлекеттік университетінің аспирантурасында, одан докторантурасында оқыдым. Бірнеше жыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде қызмет істедім. Қожа Ахмет Ясауи атындағы осы университетке 2015 жылы келдім.

**Институт құрылудағы негізгі мақсат?**

Жас институттың алар асуы әлі алда, дегенмен атқарылар біраз шаруалар университет басшылығы тарапынан қолдау тауып, іске асуға жақын деп айтуға болады. Институттың жұмыс жүргізудегі негізгі мақсаты – жаратылыстану ғылымдарының, соның ішінде, математика, физика, информатика ғылымдарының іргелі және қолданбалы мәселелері бойынша жаңа ғылыми зерттеулер жүргізу, ақпараттық технологиялар саласындағы инновациялық нәтижелерді қолданысқа енгізу болып табылады. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұйымдастырылатын конкурстарға ғылыми жобалар ұсыну, магистрлік, докторлық диссертациялардың сапасын арттыру мақсатында талдау жасау, еліміздегі, шетелдік басылымдарға ғылыми мақалалар жариялап отыру көзделеді. «Жаратылыстану» және «Инженерия» факультеттерімен байланысымыз тығыз, осы факультеттердегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын координация жасап отыру да негізгі міндетіміздің бірі болып саналады.

**Институттың атқаруға тиіс, атқарып, шешімін тапқан істері туралы нақты айтсаңыз?**

Университет деңгейінде алғаш рет институт бастамасымен ғылыми семинар ұйымдастырылды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының 18.09.2015 жылғы №1 хаттама шешімімен институт әзірлеген «Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері» атты ғылыми семинардың бекітілген Ережесі негізінде Жаратылыстану жәнеи Инженерия факультеттерінің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-әдістемелік әлеуетін көтеру, ғылыми ізденістердің сапасын арттыру жұмыстарын үйлестіру мақсатында «Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері» атты ғылыми семинар тұрақты жұмыс істейді.

Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша зерттеулер нәтижелерін жариялау мақсатында, 20 қараша 2015 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабарлары (математика, физика, информатика сериясы) ғылыми журналын есепке қою жөнінде өтінім жіберілді. Қазақстанның есімдері дүние жүзіне белгілі математиктері, мысалы, академик Мұхтарбай Өтелбаев және академик Асқар Жұмаділдаев, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Еуразия ұлттық университетінің белгілі ғалым-математиктері журналдың редакциялық коллегиясына енеді. Қазір журналымыз баспаға дайын тұр. Университетіміздің баспаханасынан осы 2017 жылдан бастап шығады.

Университетіміздің стратегиялық даму жоспарына сәйкес, әлемдік ғылым кеңістігіне интеграциялану мәселесі қолға алынуда. Әлемдік деңгейдегі ғылыми орталық болып саналатын Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімшесінің С.Соболев атындағы «Математика» институты мен «Есептеу математикасы және математикалық геофизика» институтымен өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында «Ынтымақтастықты дамыту» меморандумы жасалынды. Осы институттармен ғылыми жұмыстарды бірлесе жүргізіп, ұйымдастырылған халықаралық ірі ғылыми конференцияларға қатысып отырамыз.

Айталық, Новосибирск қаласында 2015 жылы қазан айында КСРО Ғылым академиясының президенті болған академик Г.Марчуктің 90 жылдығына арналған «Қолданбалы және есептеу математикасының өзекті мәселелері» және 2016 жылғы желтоқсан айында 12-ші Азиялық «Күрделі жүйелерді оптимизациялаудың проблемалары» атты Халықаралық конференциялар өтті. Осы конференциялардың Бағдарламалық комитетінің мүшесі ретінде Қазақстан тарапынан мен қатыстым.

Түркия тарапынан қаржыландырылатын «Толқындық теңдеулер үшін көп өлшемді кері есептер» атты ғылыми жобасын ұтып алғанымыз да жаңа құрылған институт үшін жақсы нәтиже. Енді Қазақстан тарапынан болатын грантты ұтып алу қарастырылады.

Соңғы кездері «Томсон-Рейтерс», «Скопс» базаларындағы Индексі 0 емес импакт-факторлы ғылыми журналдарға мақалалар жариялау саны артып келеді.

**Иә, шынында да жетістіктеріңіз жақсы екен, енді болашақтағы осы институт жұмысын дамыту үшін өзіндік ойларыңыз қалай?**

Біздің институт бойынша 3 зертхана жоспарланған. Қазіргі таңда осы зертханалардың толыққанды жұмыс істеуі үшін еңбек етудеміз. Институтта «Жасыл энергетика көздері және энергия үнемдеу технологиялары» атты зертхана құру туралы ұсыныс берілді. Құны 33 млн. теңге тұрады. Егер болып жатса, бұның беретін пайдасы зор. Қуаттылығы 3 мгвт болатын күн станциясын құру жобасы да ұсынылды. Құны 3 млрд теңге тұрады. Егер бұл станция университет территориясында құрылса, тек университет емес, Түркістан қаласының біраз бөлігін арзан электр энергиясымен қамтамасыз етер еді. Индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру мақсатында, облыс әкіміне бұл ұсыныс жасалды. Егер жоғарыдағы басшылар қолдап, осы күн энергиясына байланысты зертхана ашылса, жаңартылған күн энергиясына байланысты жұмыс көздері ашылып, мамандарға сұраныс көбейер еді. Сонымен қатар, біздің университет осы сұраныстарды қамтамасыз ететін, мамандарды қайта даярлайтын аймақтағы орталыққа айналар еді деген ойымыз да жоқ емес.




**Ендеше, басшылықтың қолдауына бөленіп, ойға алған мақсаттарыңыз орындалып, «жас институттың» жетілуіне, университеттің гүлденіп, дамуына, абыройға кенелуіне атсалыса беріңіздер демекпіз.**

**Балтагүл ОСПАНОВА**

*Бердібай Тұрлыбеков:*

# «АНГЛИЯДА MERRY CRISMOS МЕРЕКЕСІ ҮШ АЙ ТОЙЛАНАДЫ»

**Ұлыбританиядағы Лестер университетінде кәсіби білімін жетілдіріп келген университетіміздің Филология факультеті «Ағылшын филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Бердібай Тұрлыбековпен сұхбаттасуды жөн көрдік.**

**«Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша біліктілікті жетілдіру мақсатымен барған Лестер университетінің білім беру жүйесі туралы айтып берсеңіз.**

